

М.Әуезовтың туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Республикалық штаб туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 6 ақпандағы N 164. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен. ~P020397

"Мұхтар Әуезовтың туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оны өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 шілдедегі N 810 қаулысына сәйкес және мерейтойлық жұмыстарды жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. М.Әуезовтың туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Республикалық штабтың (бұдан әрі - Штаб) құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Штабқа М. Әуезовтың туғанына 100 жылдығына арналған салтанатты шараларды әзірлеу мен өткізу барысында Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелермен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасаудағы барлық жұмысын үйлестіру ж ү к т е л с і н .

3. "М.Әуезовтың туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оны өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 шілдедегі N 810 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 30, 340-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

"М.Әуезовтың туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі мерейтойлық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін: Ә.М.Қажыгелдин (төраға), И.Н.Тасмағамбетов (төрағаның орынбасары), З.А.Ахметов, Т.Қ.Бегашметов, Г.К.Бельгер, А.Қ.Бижанов (келісім бойынша), Ғ.Б.Жақиянов, М.Ж.Жұрынов, М.М.Мағауин, Т.А.Мамашев, О.Б.Мұхамеджанов, Ф.Оңғарсынова (келісім бойынша), Н.М.Оразалин (келісім бойынша), Ж.Ж.Мұқашев, Е.Ә.Сатыбалдиев (келісім бойынша), А.Ф.Сейітова, М.Д.Симашко, М.М.Тажин (келісім бойынша), Қ.К.Тоқаев, В.С.Школьник, Ө.Е.Шүкеев, И.П.Щеголихин. (келісім бойынша); аталған комиссияның құрамынан мыналар шығарылсын: С.А.Терещенко, Т.Т.Жүкеев Н.Қ.Есенғарин, С.Ж.Әбішев, С.Әбдрахманов, С.С.Әшляев, Л.Қ.Бекетова, Е.Ж.Дербісов, А.М.Қонаев, Е.Ә.Мәмбетқазиев, О.М.Рымжанов, К.Ә.Сағадиев, Қ.С.Саудабаев,

О.О.Сүлейменов, Қ.С.Сұлтанов, М.Ф.Үркімбаев, М.Ж.Шайжүнісов;
үшінші тармақтағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы", "мемориялдық мұражай" сөздері тиісінше "Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы", "Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ғылыми мекемесі" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

аталған қаулыға тіркелген қосымшаның 6-тармағы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"6. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының "Әуезов үйі" ғылыми-мәдени орталығымен бірлесе отырып, мерейтойлық басылымдарды, соның ішінде М.Әуезовтың академиялық шығармалар жинағын, "М.Әуезов" энциклопедиялық сөздігін, "Әуезов тағлымы кітабын қайта басып шығаруға және ЮНЕСКО-ның баспа бөлімімен бірлесе отырып М.Әуезовтың "Абай жолы" романын француз тілінде шығару мүмкіншілігін қарастыруға кірісетін болсын".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Ү к і м е т і н і ң
1997 жылғы 6 ақпандағы
N 164 қаулысына

қосымша

М.Әуезовтың туғанына 100 жыл толуына әзірлік және
оны өткізу жөніндегі Республикалық штабының
ҚҰРАМЫ

Тасмағамбетов И.Н.	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Штаб жетекшісі
Аманшаев Е.А.	- Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі
Асқаров Ә.А.	- Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Бейменов Ә.	- Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының

- орынбасары, Ұйымдастыру-бақылау
бөлімінің меңгерушісі (келісім
бойынша)
Бижанов А.Қ. - Қазақстан Республикасы
Президентінің Ішкі саясат
бөлімінің меңгерушісі (келісімі
бойынша)
Досмұхамедов Т.М. - Қазақстан Республикасының Жастар
ісі, туризм және спорт министрі
Жұртбаев Т.Қ. - Қазақстан Республикасы Ғылым
министрлігі - Ғылым академиясының
"Әуезов үйі" ғылыми-мәдени
орталығының директоры
Қошанов А.Қ. - Қазақстан Республикасы Ғылым
министрлігі-Ғылым академиясы
Қоғамдық және гуманитарлық
ғылымдар бөлімшесінің төрағасы
(академик-хатшы)
Құлыбаев А.А. - Қазақстан Республикасының Құрылыс,
тұрғын үй және аумақтарда құрылыс
с а л у м и н и с т р і

Матыжанов К.С. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму
бөлімінің консультанты
Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің бірінші орынбасары
Оразалин Н.М. - Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының бірінші хатшысы
(келісімі бойынша)
Сатыбалдиев Е.Ә. - "Қазақстан теледидары мен радиосы"
республикалық корпорациясының
президенті (келісімі бойынша)
Сүлейменов Қ.Ш. - Қазақстан Республикасының Ішкі
істер министрі
Сұлтангазин Ө.М. - Қазақстан Республикасы Ғылым
министрі-Ғылым академиясының
президентінің бірінші орынбасары -
вице-президенті

Хамзаев А.Н. - Қазақстан Республикасы сыртқы
істер министрінің орынбасары

Қасейінов Д.Қ. - Қазақстан Республикасының
Білім және мәдениет министрлігі
Мәдениет департаментінің
директоры, жетекшінің
орынбасары<*>

Метте В.Л. - Шығыс Қазақстан облысының
әкімі, жетекшінің орынбасары<*>

Баймағамбетов С.З. - Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Кеңсесінің
Үкімет шешімдерін әзірлеуді
үйлестіру бөлімінің
консультанты<*>

Ыбыраев Ш. - Қазақстан Республикасының
Ұлттық Ғылым академиясы
Әдебиет және өнер институтының
директоры<*>

Ыдырысов Е.Ә. - Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
бірінші орынбасары

Қонаев Д.А. - Халықаралық М.Әуезов қорының
президенті<*>

Тоқсейітов Р.Қ. - Қазақстан Республикасы
Білім және мәдениет министрінің
орынбасары (вице-министрі)<*>

Храпунов В.В. - Алматы қаласының әкімі<*>

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.09.04. N 1322
қаулысымен. P971322_